

Брошюра:

Бала-Сауыскандық ванадий кен орны базасында тау-кен байыту комбинатын салу жобасының экологиялық және әлеуметтік әсерін алдын ала бағалау


Ванадий – V

бұл қатты күміс-сұр, иілгіш және қақталатын өтпелі металл. Табиғатта ванадий химиялық байланысқан күйде болады. Оның таза түрінде оқшауланған кезде металдың беті тез тотығады және алынған оксид қабаты бос металды одан әрі тотығудан қорғайды.

Ванадий әртүрлі салаларда қолданылады, әсіресе болаттарға легирлеуші қоспа ретінде кеңінен қолданылады, олардың беріктігі мен коррозияға төзімділігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ұзақ мерзімді энергия сақтау батареяларын өндіруде.

Жобаның сипаттамасы

Бала-Сауыскандық кен орны құрамында уран, молибден, алюминий, сирек жер металдары және көміртегі бар кара тақтатас ванадий кендерінің ең ірі кен орны. Кен орны Қазақстанда, Қызылорда облысының Шиелі ауданында, аудан орталығы - Шиелі кентінен солтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде, Қаратау сілемдерінде орналасқан.



FAR компаниясының болашақта болы мүмкін жоспарлары

Ұзақ мерзімді перспективада өндірісті жылына 5 млн тоннаға дейін кезең-кезеңімен ұлғайту жоспарлануда (2-кезең). 2-кезеңді жоспарлау және іске асыру мүмкіндігі 1-кезеңнің сәттілігіне байланысты.

Ferro-Alloy Resources Limited («FAR») компаниясы осы кен орнының базасында жылына шамамен 1,65 млн тонна кен өндіретін тау-кен байыту комбинатын (КБК) салуды жоспарлап отыр («Жоба», 1-кезең). FAR Жобаны іске асыруды өзінің еншілес компаниясы – жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиясы бар «Фирма «Балауса» ЖШС-қа («Компания») тапсырды. Қазіргі уақытта Компания кен орнының лицензиялық алаңына жақын орналасқан шағын тәжірибелік-өнеркәсіптік учаскеде кенді қайта өңдеу технологияларын жетілдіруде. 1,65 миллион тонна кен өндіру кезінде КБК шамамен жылына 8,6 мың тонна ванадий пентоксидін (V_2O_5) өндіре алады деп болжануда.

Жобаның негізгі объектілері: ашық карьер, байыту фабрикасы, тас үйінділері, қалдық қоймасы, вахталық кент, кірме және алаңшiлік автожолдар, коммуникациялар және басқа да қосалқы объектілер болып табылады. Жоба объектілерінің құрамы мен орналасуы, сондай-ақ кендерді байыту жөніндегі технологиялық шешімдер қазіргі уақытта ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес орындалатын Жобаның 1-кезеңінің Техникалық-экономикалық негіздемесі (ТЭН) шеңберінде әзірленуде.

FAR жобаны Экологиялық және әлеуметтік әсерлерді бағалауды (ЭӘӘБ) «Эколайн Интернешнл» ЖШҚ (Болгария) және «Зеленый мост» ЖШС (Қазақстан) (бірге – «Консультант») ұйымдарының консорциумына тапсырды.

Экологиялық және әлеуметтік әсерлерді бағалау

Халықаралық қаржы корпорациясының саясаты мен Экватор қағидаттарына сәйкес жоба А санатына жатады, өйткені оның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен жағымсыз әсерлері болуы мүмкін. А санатындағы жобалар үшін экологиялық және әлеуметтік әсерлерге толық ауқымды бағалау жүргізу қажет.



Бағалауда тағы қандай әсерлерді немесе мәселелерді қарастыру керек?

Өтініш ұсыныстар/сұрақтарды бізге жолдаңыз:

Компания

«Фирма «Баласау» ЖШС
120700, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, ГРП- к-сі 2, 1 үй
Тел.: +7 771 530 7787
Эл.пошта:
tulegenov_ablai@mail.ru

немесе

Консультант

«Зеленый Мост» ЖШС
Астана қ., Нұра ауданы, Тұран 59/2 даң., С блогі, нп 12
Тел.: 7 700 434 80 59 / +7(7172) 98 68 07
Эл.пошта:
info@green-bridge.kz

Жобаның ЭӘӨБ әзірленетін ТЭН негізінде екі кезеңде жүргізіледі: алдын ала бағалау және толық масштабты бағалау. Біріншісінің шеңберінде жобаны іске асыру аумағының бастапқы экологиялық және әлеуметтік жағдайлары сипатталған, оның негізгі ықтимал теріс және оң әсерлері анықталған, ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі талаптар айқындалған есеп дайындалды. **Бұл брошюра** ерте жоспарлау кезеңінде мүдделі тараптарды Жобаның қысқаша мазмұнымен қамтамасыз ету және пікірлер мен ұсыныстарды жинау мақсатында **алдын ала ЭӘӨБ нәтижелерін түйіндейді**. Келесі кезеңде гидрология және гидрохимия, археология, биоалуантүрлілік, экожүйелік қызметтер және басқа да бағыттар бойынша далалық зерттеулер негізінде толық ауқымды бағалау жүргізіледі және ықтимал теріс әсерлерді азайтуға және жобаның оң әсерлерін күшейтуге бағытталған Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Ықтимал экологиялық әсерлер

Жобаны іске асыру қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін, оның ішінде құрылыс кезеңінде (құрылыс техникасы мен автокөліктен шығарындылар), сондай-ақ КБК эксплуатациясы кезеңінде де – аршу және өндіру жұмыстары, кендерді байыту, байыту концентраттарын тасымалдау және т.б. әсерінен атмосфералық ауаның және жер жамылғысының ластануы. Жоба объектілерінің құрылысы және эксплуатациясы топырақтың жер үсті қабатының тозуына, аумақ ландшафтының айтарлықтай өзгеруіне әкеп соғады. Жобалық аумақтың биоәртүрлілігіне айтарлықтай әсер күтілмейді. Құрылыс және эксплуатация кезеңдері, әртүрлі қалдықтардың, соның ішінде қазылған тау жыныстарының, пайда болуымен қатар жүреді. Қалдықтардың бір бөлігі жолдарды, бөгеттерді салу, бұзылған аумақтарды жоспарлау және қалпына келтіру үшін жедел пайдаланылуы мүмкін. Қалдықтарды қайта өңдеу қолданыстағы орналастыру полигондарына қосымша жүктемені азайтуы мүмкін. Жобаны техникалық сумен және электр энергиясымен қамтамасыз ету нұсқалары қазіргі уақытта бағалануда, сондықтан олардың ресурстарына жүктеме кейінірек бағаланады. Толық масштабты бағалау шеңберінде а) жарылыс жұмыстарынан діріл әсерін, б) құрылыс және эксплуатация жұмыстарынан шу әсерін, в) ластаушы заттар шығарындыларының шашырауын модельдеу орындалатын болады. Модельдеу қорытындысы бойынша әсердің алдын алу және/немесе азайту жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Ықтимал әлеуметтік әсерлер

Жоба Қызылорда облысының және әсіресе Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына салықтық түсімдерді ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын және жаңа мансаптық перспективаларды құру, халықтың жұмыспен қамтылуы мен табысын арттыру, өңірлік және жергілікті деңгейде тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу есебінен елеулі оң әсер етуі мүмкін. Жақын елді мекендер жоба алаңынан алыс болғандықтан (9 км – Ақсүмбе ауылы), өндірістік объектілердің шуы мен шығарындыларының халыққа әсері болжанбайды. Жүктер мен концентраттарды тасымалдаудың әсері жол желісінің орналасуы туралы шешімге байланысты болады. Жұмыс орындарының саны, ықтимал салық аударымдары туралы ақпарат ТЭН әзірленуіне қарай нақтыланатын болады. Сонымен бірге, жобаны іске асыру еңбек көші-қонына және әлеуметтік-шартты ауруларға, қоғамдық инфрақұрылым объектілеріне жүктемеге, жерді уақытша және/немесе тұрақты бөлуге байланысты құрылыс кезеңінде теріс әсер етуі мүмкін.

Мәдени мұра

Баласауқандық кен орнынан шамамен 1,5 км қашықтықта республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген «Сауқандық петроглифтері» ескерткіші орналасқан. Жарылыс жұмыстарының діріл әсерін жоспарлы модельдеу мұндай әсердің ықтималдығы мен дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді және қажет болған жағдайда алдын алу шаралары әзірленеді.

Ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау

Мүдделі тараптармен ашық және мазмұнды диалог құру мақсатында мүдделі тараптарды сәйкестендіру мен талдауды, олармен өзара іс-қимылдың алдын ала бағдарламасын, сондай-ақ шағымдар мен өтініштерді қарау тетігін қамтитын мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары әзірленді. Бағалаудың екі кезеңінде де жобаның экологиялық және әлеуметтік аспектілері туралы ақпаратты ашу, жақын маңдағы елді мекендерде, Ақсүмбе, Қосүйеңкі ауылдары мен Шиелі кентін қоса алғанда, сондай-ақ Қызылорда қаласында консультациялар мен тыңдаулар өткізу жоспарлануда.